

Қызылсу орта мектебінде өткізілген
«Қамқоршылық кеңес» отырысының
№ 3 ХАТТАМАСЫ

Өтілген күні: 13.01.22

Қатысқандар:

Қызылсу орта мектебі

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Биржанов Қансұлтан Сагидоллаұлы

1. Жумахметова Ж.Ж- қамқоршылық кеңес мүшесі, ата-аналар комитетінің төрайымы
2. Шонанов Алдаберген- қамқоршылық кеңес мүшесі, емші
3. Курманбаева Р.А- қамқоршылық кеңес мүшесі, пошта тасушы
4. Купжасарова Г.Т- қамқоршылық кеңес мүшесі, зейнеткер
5. Боранбаева Г.Қ- қамқоршылық кеңес мүшесі, зейнеткер ұстаз
6. Ермағамбетов Жандайбек – ардагерлер кеңесінің төрағасы» ата-ана
7. Исжанова А.К - мектеп медбикесі
8. Мирманова К.А.- ата-ана
9. Утеуова А.Ш- хатшы

Күн тәртібінде:

1. «Қауіпсіз мектеп және бала»
2. Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу.
3. Аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға, мүмкіндігі шектеулі оқушыларға «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы аясында көрсетілген көмек туралы




1. Бірінші және екінші мәселе бойынша: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары З.М. Биржанова сөйледі. «**Қауіпсіздік ережесін сақтаймыз**» тақырыбында апталықтар өткізілді. Оқушыларға қауіпсіздік туралы кеңінен түсіндірілді. 1-4 оқушылар арасында «Қауіпсіз мектеп» тақырыбында сурет байқауы, 5-9 сынып оқушылары арасында «Жолда жүру ережесін білемізбе?» тақырыбында қабырға газеттері, буклеттер кункурсы өткізілді. 1-11 сынып оқушыларына «Қауіпсіз жол жүрісі» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Ата-аналар арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылып қауіпсіздік жайлы түсінік жұмыстары жүргізілді. Видеороликтер, презентациялар көрсетілді. Сонымен қатар оқу жылы басында кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын-алу бойынша жұмыс жоспары жасалынып, бекітілді. 7-11 класс оқушылары үшін тақырып аясында дөңгелек үстел, дәріс сабақтар, тәрбие сағаттары өтілуде. Кешкі мезгілде оқушылардың көшеде жүрмеуін болдырмау мақсатында кезекшілік кестесі құрылды. Кестеге сәйкес ата-аналармен бірлескен рейд жүргізілді. Рейд барысында оқыс оқиғалар орын алған жоқ. Дегенмен ата-аналарға түнгі уақытта, беймезгіл балаларды көшеге жібермеу керектігі ескертіліп айтылады.

2. Үшінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог А.Ш. Утеуова сөз алып, «**Қамқорлық**» қайырымдылық акциясы аясында 1-11 кластар арасында қайырымдылық жәрмеңкесі өтілді. Жәрмеңкеге 1-11 класс оқушылары және мектеп ұстаздары атсалысты. Жәрмеңке қорытындысы бойынша 54 115 теңге жиналды. Түскен қаржы Хромтау қаласында тұратын мүмкіндігі шектеулі №4 Хромтау орта мектебінің оқушысы Султанов Айбектің анасының шотына аударылды.

Шешімі:

1. «Қауіпсіз мектеп және бала» оқушылардың қауіпсіздігін ата-аналармен байланыс жасай отырып, нығайту.
2. Құқықбұзушылықтың алдын - алу үшін атқарылатын жұмыстар жандандырылсын.
3. «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы аясында қайырымдылық шаралар жалғасын тапсын.

Төраға:  Биржанов Қ.С. - қамқоршылық кеңестің төрағасы
Хатшы:  Утеуова А.Ш

1. Жумахметова Ж.Ж. - қамқоршылық кеңес мүшесі, ата-аналар комитетінің төрайымы 
2. Шонанов Алдаберген - қамқоршылық кеңес мүшесі, емші 
3. Курманбаева Р.А. - қамқоршылық кеңес мүшесі, пошта тасушы 
4. Купжасарова Г.Т. - қамқоршылық кеңес мүшесі, зейнеткер 
5. Боранбаева Г.Қ. - қамқоршылық кеңес мүшесі, зейнеткер ұстаз 
6. Ермағамбетов Жандайбек – ардагерлер кеңесінің төрағасы» ата-ана 
7. Исжанова А.К. - мектеп медбикесі 
8. Мирманова К.А. - ата-ана 